Басқа гипогликемиялық дәрілік заттарға қатысты болғандай, әрбір жағдайда препарат дозасын емдік әсеріне (қан глюкозасының және гликирленген гемоглобиннің (HbA1c) концентрациясына) қарай жеке таңдау қажет.

Бастапқы доза

Гликлазидтің бастапқы ұсынылатын дозасы (оның ішінде егде жастағы пациенттер үшін ≥65 жас) – тәулігіне 30 мг (жарты таблетка).

Талапқа сай бақылау жағдайында осы дозадағы гликлазид демеуші ем үшін қолданылуы мүмкін. Гликемиялық бақылаудың жеткіліксіздігі кезінде гликлазидтің тәуліктік дозасын дәйекті түрде 60 мг, 90 мг немесе 120 мг дейін арттыруға болады.

Дозаны арттыру бұрын тағайындалған дозада гликлазидпен емдеудің 1 айынан ерте болмауы мүмкін. Ерекшелік - қан глюкозасының концентрациясы 2 апта емнен кейін төмендемеген пациенттер. Мұндай жағдайларда қабылдау басталғаннан кейін 2 аптадан соң препараттың дозасын арттыруға болады.

Гликлазидтің ұсынылатын ең жоғары тәуліктік дозасы 120 мг құрайды.

1 таблетка дәрілік препарат Диабетон MR, модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препаратының 1 таблеткасы құрамында гликлазид бар, модификацияланып босап шығатын 30 мг таблеткалар дәрілік препаратының 2 таблеткасына баламалы.

60 мг таблеткаларда кертiктiң болуы таблетканы бөлуге және 30 мг (60 мг 1/2 таблетка), сондай-ақ қажет болған жағдайда 90 мг (60 мг 1 және 1/2 таблетка) тәуліктік дозасын қабылдауға мүмкіндік береді.

80 мг дозадағы құрамында гликлазид бар дәрілік препаратты қабылдаудан Диабетон MR, модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препаратына ауысу

80 мг дозадағы құрамында гликлазид бар дәрілік препараттың 1 таблеткасы Диабетон MR 60 мг, модификацияланып босап шығатын таблеткалар дәрілік препаратының 1/2 таблеткасымен ауыстырылуы мүмкін. 80 мг дозадағы құрамында гликлазид бар дәрілік препараттан пациенттерді Диабетон MR дәрілік препаратына ауыстыру кезінде гликемияны мұқият бақылау ұсынылады.

Басқа гипогликемиялық дәрілік затты қабылдаудан Диабетон MR модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препаратына ауысу

Диабетон MR модификацияланып босап шығатын 60 мг таблеткалар дәрілік препараты басқа пероральді гипогликемиялық дәрілік препаратының орнына қолданылуы мүмкін. Басқа пероральді гипогликемиялық препараттарды қабылдайтын пациенттерді Диабетон MR дәрілік препаратына ауыстыру кезінде олардың дозасын және жартылай шығарылу кезеңін ескеру керек. Әдетте, бұл ретте өтпелі кезең қажет емес. Бастапқы доза 30 мг болуы керек, содан кейін жоғарыда сипатталғандай қан глюкозасының концентрациясына байланысты титрленуі тиіс.

Жартылай шығарылу кезеңі ұзақ сульфонилмочевина туындыларын Диабетон MR дәрілік препаратымен алмастырған кезде екі гипогликемиялық дәрінің аддитивті әсерінен туындаған гипогликемияны болдырмау үшін оларды қабылдауды бірнеше күнге тоқтатуға болады. Диабетон MR дәрілік препаратының бастапқы дозасы бұл ретте 30 мг (60 мг 1/2 таблетка) құрайды және қажет болған жағдайда емдік әсеріне байланысты одан әрі жоғарылауы мүмкін.

Басқа гипогликемиялық дәрілік затпен біріктіріп қабылдау

Диабетон MR дәрілік препараты бигуанидтермен, альфа-глюкозидаза тежегіштерімен немесе инсулинмен бірге қолданылуы мүмкін.

Гликемиялық бақылаудың жеткіліксіздігі кезінде мұқият медициналық бақылау жүргізе отырып, қосымша инсулин терапиясын тағайындау керек.

2 типті қант диабеті асқынуларының профилактикасы

Қарқынды гликемиялық бақылауға қол жеткізу үшін Диабетон MR дәрілік препаратының дозасын HbA1c мақсатты концентрациясына жеткенге дейін диетаға және физикалық белсенділікке қосымша тәулігіне 120 мг дейін біртіндеп арттыруға болады. Бұл ретте гипогликемияның даму қаупіне мониторинг жүргізу қажет.

Сонымен қатар, емге басқа препараттарды, мысалы, метформин, альфа-глюкозидаза тежегіштері, тиазолидиндион туындылары немесе инсулин қосуға болады.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер

65 жастан асқан пациенттер үшін препарат дозасын түзету талап етілмейді.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Клиникалық зерттеулер нәтижелері жеңіл және орташа дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде препарат дозасын түзету талап етілмейтінін көрсетті. Мұқият медициналық бақылауды жүргізу ұсынылады.

Гипогликемия дамуының қауіп тобына жататын пациенттер:

- жеткіліксіз немесе теңгерімсіз тамақтану;
- ауыр немесе нашар компенсацияланған эндокриндік бұзылыстар-гипофизарлық және бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі, гипотиреоз;
- глюкокортикостероидтарды (ГКС) ұзақ уақыт қабылдағаннан және/немесе жоғары дозаларда қабылдағаннан кейін тоқтату;
- жүрек-қантамыр жүйесінің ауыр аурулары – жүректің ауыр ишемиялық ауруы, ұйқы артерияларының ауыр атеросклерозы, кең таралған атеросклероз).

Мұндай пациенттерде емді дәрілік препараттың ең аз дозасынан (30 мг) бастау ұсынылады.

Балалар

Тиімділік пен қауіпсіздік туралы деректер жоқ.

Қолдану тәсілі

Препараттың дозасын шайнамай және ұсақтамай бүтіндей жұту ұсынылады (4.4-бөлімді қараңыз).

4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар

- гликлазидке немесе 6.1-бөлімде аталған кез келген қосымша заттарға, сульфонилмочевинаның басқа туындыларына, сульфаниламидтерге аса жоғары сезімталдық;
- 1 типті қант диабеті;
- диабеттік прекома және кома, диабеттік кетоацидоз;
- ауыр дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігі немесе ауыр дәрежедегі бауыр жеткіліксіздігі (мұндай жағдайларда инсулинді қолдану ұсынылады);
- миконазолды қолдану (4.5-бөлімді қараңыз);
- жүктілік және емшек емізу кезеңі (4.6-бөлімді қараңыз);
- 18 жасқа дейін;
- лактоза жақпаушылығы, лактаза тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы.

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Сақтықпен

Егде жас, тұрақты емес және/немесе теңгерімсіз тамақтану, глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа жеткіліксіздігі, жүрек-қантамыр жүйесінің ауыр аурулары, гипотиреоз, бүйрек үсті безі немесе гипофизарлық жеткіліксіздік, жеңіл және орташа дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігі немесе жеңіл және орташа дәрежедегі бауыр жеткіліксіздігі, глюкокортикостероидтармен ұзақ емдеу, алкоголизм.

Гипогликемия

Препаратты үнемі тамақтанатын (таңғы асты қоса) пациенттерге ғана тағайындауға болады. Көмірсулардың жеткілікті мөлшерде тамақпен түсуі маңызды, өйткені гипогликемияның даму қаупі тұрақты емес немесе жеткіліксіз тамақтану кезінде, сондай-ақ көмірсулар аз тағамдарды тұтыну кезінде артады. Гипогликемия төмен калориялы диетада, ұзақ немесе қарқынды физикалық жүктемеден кейін, алкогольді тұтынғаннан кейін немесе бірнеше гипогликемиялық дәрілік заттарды бір уақытта қабылдаған кезде жиі дамиды.

Сульфонилмочевина туындыларын, оның ішінде гликлазидті қабылдаған кезде гипогликемия дамуы мүмкін (4.8-бөлімді қараңыз), кейбір жағдайларда – ауруханаға жатқызуды және бірнеше күн ішінде глюкоза ерітіндісін вена ішіне енгізуді қажет ететін ауыр және ұзақ түрінде дамуы мүмкін.

Гипогликемияның дамуын болдырмау үшін препараттарды және дозалау режимін мұқият жеке таңдау, сондай-ақ пациентке егжей-тегжейлі нұсқаулар беру қажет.

Гипогликемия дамуының жоғары қаупі мынадай жағдайларда байқалуы мүмкін:

- Пациенттің (әсіресе егде жастағы адамдардың) дәрігердің тағайындауларын орындаудан бас тартуы немесе өзінің жай-күйін бақылауға қабілетсіздігі;
- Жеткіліксіз және тұрақты емес тамақтану, тамақтануды өткізіп жіберу, ашығу және рационды өзгерту;
- Дене жүктемесі мен қабылданатын көмірсулар мөлшері арасындағы теңгерімсіздік;
- Бүйрек жеткіліксіздігі;
- Бауыр жеткіліксіздігі;
- Диабетон MR дәрілік препаратының артық дозалануы;
- Кейбір эндокриндік бұзылыстар: қалқанша безінің аурулары, гипофизарлы және бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі;
- Кейбір дәрілік препараттармен бірге қолдану (4.5-бөлімді қараңыз).

Бүйрек және бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Бауыр жеткіліксіздігі немесе ауыр дәрежедегі бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде гликлазидтің фармакокинетикалық және/немесе фармакодинамикалық параметрлері өзгеруі мүмкін. Мұндай пациенттерде дамитын гипогликемия жағдайы жеткілікті ұзақ болуы мүмкін, мұндай жағдайларда тиісті емді дереу жүргізу қажет.

Пациенттерге арналған ақпарат

Пациентті, сондай-ақ оның отбасы мүшелерін гипогликемияның даму қаупі, оның симптомдары (4.8 бөлімін қараңыз), оның дамуына, емдеуіне ықпал ететін жағдайлары туралы хабардар ету қажет.

Пациентке диетаны ұстанудың маңыздылығын, үнемі дене жүктемесі мен қандағы глюкоза концентрациясын үнемі бақылап отыру қажеттілігін түсіндіруі керек.

Гликемиялық бақылауы жеткіліксіз пациенттер

Гипогликемиялық ем қабылдайтын пациенттерде гликемиялық бақылауға мыналар әсер етуі мүмкін: шілтер жапырақты шайқурай (*Hypericum perforatum*) препараттарын бірге қабылдау (4.5-бөлімді қараңыз), қызба, жарақат, инфекциялық аурулар немесе хирургиялық араласулар. Осы жағдайларда инсулинді тағайындау қажеттілігі туындауы мүмкін.

Көптеген пациенттерде пероральді гипогликемиялық дәрілердің, оның ішінде гликлазидтің тиімділігі ұзақ емдеу кезеңінен кейін төмендеу үдерісі орын алған. Бұл әсер аурудың өршуіне де, препаратқа емдік жауаптың төмендеуіне де негізделуі мүмкін. Бұл феномен салдарлы дәрілік резистенттілік ретінде белгілі, оны бастапқысынан ажырату қажет, бұл ретте дәрілік препарат бірінші тағайындалғанда күтілетін клиникалық әсерді бермейді. Пациентте қайталама дәрілік резистенттілікті диагностикалаудан бұрын дозаны таңдаудың талапқа сай болуын және пациенттің ұйғарылған диетаны сақтауын бағалау қажет.

Дисгликемия

Фторхинолондармен бірге ем қабылдайтын 2 типті қант диабеті бар пациенттерде, әсіресе егде жастағы пациенттерде гипогликемияны, әрі гипергликемияны қоса, қандағы глюкоза концентрациясының өзгерістері туралы хабарланды. Осылайша, Диабетон MR және фторхинолон дәрілік препаратын бір мезгілде қабылдайтын барлық пациенттерге қандағы глюкоза концентрациясына мұқият мониторинг жүргізу ұсынылады.

Зертханалық тесттер

Гликемиялық бақылауды бағалау үшін HbA1c концентрациясын немесе ашқарынға веналық қандағы глюкоза концентрациясын тұрақты түрде анықтау ұсынылады. Сондай-ақ гликемияны өзіндік бақылауды үнемі жүргізіп отыру керек.

Сульфонилмочевина туындылары глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығы бар пациенттерде гемоліздік анемияны тудыруы мүмкін. Гликлазид сульфонилмочевинаның туындысы болғандықтан, оны глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығы бар пациенттерге тағайындағанда сақ болған жөн. Сульфонилмочевина туындылары тобынан емес дәрілік препаратты тағайындау мүмкіндігін қарастыру керек.

Порфириямен ауыратын пациенттер

Порфириямен ауыратын пациенттерде сульфонилмочевинаның кейбір басқа туындыларын қолданғанда порфирияның өршу жағдайлары сипатталған.

Қосымша заттар

Лактоза

Диабетон MR 60 мг дәрілік препаратын галактоза жақпаушылығымен, толық лактаза жеткіліксіздігімен немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясымен байланысты сирек тұқым қуалайтын жағдайдағы пациенттерде қолдануға болмайды.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Гипогликемия дамуы қаупін арттыруға ықпал ететін препараттар мен заттар:

Бірге қолдануға болмайды

Миконазол (жүйелі енгізгенде және гельді ауыз қуысының шырышты қабығына жаққанда): гликлазидтің гипогликемиялық әсерін күшейтеді (гипогликемияның кома күйіне дейін дамуы мүмкін).

Қолдануға ұсынылмайтын біріктірілімдер

Фенилбутазон (жүйелі енгізу): сульфонилмочевина туындыларының гипогликемиялық әсерін күшейтеді (оларды плазма ақуыздарымен байланыстан ығыстырады және/немесе олардың организмнен шығарылуын баяулатады).

Басқа қабынуға қарсы препаратты қолданған немесе пациентке гипогликемия қаупі туралы ескерткен және қандағы глюкоза концентрациясын өзіндік бақылаудың маңыздылығына назар аударған дұрыс. Қажет болған жағдайда Диабетон MR дәрілік препаратының дозасын қабынуға қарсы препаратты қабылдау кезінде және оны тоқтатқаннан кейін түзету керек.

Этанол: компенсаторлық реакцияларды тежеу арқылы гипогликемияны күшейтеді, гипогликемиялық команың дамуына ықпал етуі мүмкін. Құрамында этанол бар дәрілік заттарды қабылдаудан және алкогольді тұтынудан бас тарту қажет.

Ерекше назар аудару мен сақтықты қажет ететін препараттардың үйлесімі

Келесі дәрілік заттар гипогликемиялық әсерді күшейтуі және гипогликемияның дамуына ықпал етуі мүмкін: басқа гипогликемиялық препараттар (инсулин, акарбоза, метформин, тиазолидиндиондар, дипептидилпептидаза-4 тежегіштері, ГПП-1 рецепторларының агонистері); бета-адреноблокаторлар, флуконазол; ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері (каптоприл, эналаприл); H₂-гистамин рецепторларының блокаторлары; моноаминоксидаза тежегіштері; сульфаниламидтер; кларитромицин және қабынуға қарсы стероидты емес препараттар.

Қандағы глюкоза концентрациясының артуына ықпал ететін препараттар:

Қолдануға ұсынылмайтын біріктірілімдер

Даназолдың: диабетогендік әсері бар. Егер осы препаратты қолдану қажет болса, пациентке қандағы және несептегі глюкоза концентрациясын бақылаудың маңыздылығына назар аудару ұсынылады. Препараттарды бірге қабылдау қажет болған жағдайда гипогликемиялық дәрінің дозасын даназолды қабылдау кезінде де, оны тоқтатқаннан кейін де таңдау ұсынылады.

Ерекше назар аудару мен сақтықты қажет ететін препараттардың үйлесімі

Хлорпромазин (нейролептик) :жоғары дозаларда (тәулігіне 100 мг-ден астам) инсулин секрециясын төмендетіп, қандағы глюкоза концентрациясын арттырады. Бұл туралы пациентті ескерту және гликемияны бақылаудың маңыздылығына назар аудару қажет. Препараттарды бірге қабылдау қажет болған жағдайда нейролептикті қабылдау кезінде, әрі оны тоқтатқаннан кейін гипогликемиялық дәрілердің дозасын таңдау ұсынылады.

Глюкокортикостероидтар (жүйелі және жергілікті қолдану :буын ішіне, теріге, ректальді енгізу) және **тетракозактид:** кетоздың ықтимал дамуымен қандағы глюкоза концентрациясын арттырады (көмірсуларға төзімділіктің төмендеуі). Пациентті мұқият гликемиялық бақылау қажеттілігі туралы, әсіресе емдеудің басында ескерту қажет. Препараттарды бірге қабылдау қажет болған кезде глюкокортикостероидтарды қабылдау кезінде, әрі оларды тоқтатқаннан кейін гипогликемиялық дәрінің дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

Ритодрин, сальбутамол, тербуталин (вена ішіне енгізу): бета-2 адреномиметиктер қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауына ықпал етеді.

Пациенттің назарын қандағы глюкоза концентрациясын бақылаудың маңыздылығына аудару қажет. Қажет болса, пациентті инсулин терапиясына ауыстыру ұсынылады.

Шілтер жапырақты шайқурай препараттары (*Hypericum perforatum*): шілтер жапырақты шайқурай препараттарымен бірге қолдану аясында гликлазидтің экспозициясы төмендейді. Пациенттің назарын қандағы глюкоза концентрациясын бақылаудың маңыздылығына аудару қажет.

Дисгликемияны тудыруы мүмкін препараттар (қандағы глюкоза концентрациясының өзгеруі)

Ерекше назар аудару мен сақтықты қажет ететін препараттардың үйлесімі

Фторхинолондар: Гликлазид пен фторхинолонды бірге қабылдаған жағдайда пациенттерге дисгликемияның даму қаупі жайында және қандағы глюкоза концентрациясын бақылаудың маңыздылығы туралы ескертілуі тиіс.

Назар аударуды қажет ететін препараттардың біріктірілімі

Антикоагулянттар (мысалы, варфарин): сульфонилмочевиналар туындылары бірге қолданған кезде антикоагулянттардың әсерін күшейте алады. Антикоагулянт дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Жүктілік кезінде гликлазидті қолдануға болмайды.

Жүкті әйелдерде гликлазидті қолдану туралы деректер жоқ немесе шектелген (жүктіліктің 300 нәтижесінен кем), сондай-ақ сульфонилмочевинаның басқа туындыларын қолдану туралы деректер шектелген.

Жануарларда репродуктивтік уыттылықты зерттеу тератогендік әсерлердің болуын айғақтамайды (5.3-бөлімді қараңыз).

Бақыланбайтын қант диабетімен байланысты туа біткен ақаулардың қаупін азайту үшін ұрықтануға дейін нормогликемияға қол жеткізу керек.

Жүктілік кезінде пероральді гипогликемиялық препараттар қолданылмайды. Инсулин - жүкті әйелдердегі қант диабетін емдеуге арналған препарат. Пероральді гипогликемиялық препараттар қабылдауды инсулинмен емдеуге ауыстыру ұсынылады: немесе алдын-ала – жоспарланған жүктілік жағдайында немесе бірден жүктілік анықталғаннан кейін.

Лактация

Гликлазид пен оның метаболиттерінің адамның емшек сүтіне енуі туралы деректер жоқ. Неонатальді гипогликемияның даму қаупін ескере отырып, бала емізу кезеңінде препаратты қабылдауға болмайды. Жаңа туған нәрестелер/сәбилерге төнетін қаупін жоққа шығаруға болмайды.

Фертильділік

Екі жыныстағы егеуқұйрықтардағы репродуктивті уыттылықты зерттеу фертильділікке немесе репродуктивті функцияға әсерін көрсетпеген (5.3-бөлімді қараңыз).

4.7. Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер ету

Диабетон MR дәрілік препараты көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді немесе елеусіз ғана әсер етеді.

Диабетон MR дәрілік препаратын қолдану кезінде гипогликемия даму ықтималдығына байланысты гипогликемия симптомдары туралы пациенттер хабардар болуы тиіс және көлік құралдарын басқару немесе физикалық және психикалық реакциялардың жоғары жылдамдығын талап ететін жұмысты орындау кезінде, әсіресе емнің басында сақ болу керек.

4.8. Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Гликлазидті қолданғанда келесі жағымсыз әсерлердің дамуы туралы хабарланды:

Гипогликемия

Гликлазидті қолданумен байланысты ең көп таралған жағымсыз реакция гипогликемия болып табылады.

Сульфонилмочевина тобының басқа препараттары сияқты, Диабетон MR препараты ретсіз тамақтану жағдайында, әсіресе егер тамақтануды өткізіп алғанда, гипогликемияны тудыруы мүмкін. Гипогликемияның болуы мүмкін симптомдары: бас ауыруы, қатты ашығуды сезіну, жүрек айну, құсу, қатты қажу, ұйқының бұзылуы, козу, озбырлық, зейінді жинақтаудың төмендеуі, реакцияның баяулауы, депрессия, сананың шатасуы, көру және сөйлеу қабілетінің бұзылуы, афазия, тремор, парез, сенсорлық бұзылыстар, бас айналу, дәрменсіздік сезімі, өзін-өзі бақылауды жоғалту, сандырақтау,

құрысулар, үстірт тыныс алу, брадикардия, ұйқышылдық және команың өлімге әкелуге дейінгі даму ықтималдығы бар естен тану.

Сондай-ақ, адренергиялық компенсаторлық реакциялар байқалуы мүмкін: қатты терлеу, «жабысқақ» тері, үрейлену, тахикардия, артериялық қысымының жоғарылауы, жүрек қағуын сезіну, аритмия және стенокардия.

Әдетте, гипогликемия симптомдары көмірсулар (қант) қабылдаумен басылады. Қант алмастырғыштарды қабылдау тиімсіз. Сульфонилмочевинаның басқа туындылары аясында сәтті тоқтатылғаннан кейін гипогликемияның қайталануы байқалды.

Гипогликемияның ауыр немесе ұзақ эпизодында шұғыл медициналық көмек көрсетіледі, көмірсулар қабылдаудың әсері болса да, оның ауруханаға жатқызумен аяқталуы мүмкін.

Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Басқа жағымсыз әсерлері

Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар: іштің ауыруы, жүрек айну, құсу, диспепсия, диарея, іш қату. Таңғы ас кезінде препаратты қабылдау бұл симптомдарды болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндік береді.

Төмендегі жағымсыз әсерлер аз байқалады:

Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар: тері бөртпесі, қышыну, есекжем, Квинке ісінуі, эритема, макулопапуллезді бөртпе, буллездік реакциялар (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалдық некролиз және аутоиммундық буллездік бұзылулар сияқты) және ерекше жағдайларда эозинофилиямен және жүйелік симптоматикамен (DRESS-синдром) дәрілік бөртпе.

Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар: гематологиялық бұзылулар (анемия, лейкопения, тромбоцитопения, гранулоцитопения) сирек дамиды. Әдетте, бұл құбылыстар терапияны тоқтатқан жағдайда қайтымды болады.

Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар: бауыр ферменттері белсенділігінің артуы (аспартатаминотрансфераза, аланинаминотрансфераза, сілтілі фосфатаза), гепатит (бірлі-жарым жағдайлар). Холестаздық сарғаю пайда болған кезде емді тоқтату керек.

Бұл құбылыстар әдетте емді тоқтатқан жағдайда қайтымды болады.

Көру мүшесі тарапынан бұзылулар: әсіресе емнің басында, қан глюкозасы концентрациясының өзгеруінен туындаған өтпелі көру бұзылыстары пайда болуы мүмкін.

Сульфонилмочевина туындысына тән ерекше әсерлер класы: сульфонилмочевинаның басқа туындыларын қабылдау аясында келесі жағымсыз құбылыстар байқалды: эритроцитопения, агранулоцитоз, гемолиздік анемия, панцитопения, аллергиялық васкулит, гипонатриемия, бауыр ферменттері белсенділігінің жоғарылауы, бауыр функциясының бұзылуы (мысалы, холестаз бен сарғаюдың дамуымен) және гепатит, олардың көрінісі сульфонилмочевина препараттарын тоқтатқаннан кейін қалпына келді, бірақ кейбір жағдайларда бауыр функциясының өмірге қауіпті бұзылуына әкелді.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препарат «пайда-қауіп» арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркегеннен кейін күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық жариялау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славянская площадь, 4
үй, 1 құр.

Денсаулық сақтау саласындағы федералды
қадағалау қызметі

Тел.: + 7 (800) 550 99 03

Эл. почта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауд.,
А.Иманов көш., 13, «Нұрсәулет 2» БО

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі Медициналық және

фармацевтикалық бақылау комитетінің

«Дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы»
ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (7172) 235 135
Эл. пошта: farm@dari.kz
<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

720044, Бішкек қ., 3-Линия көш., 25
Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен
медициналық бұйымдар департаменті
Тел.: +996 (312) 21 92 78
Эл. пошта: pharm@dlsmi.kg
<http://dlsmi.kg>

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5
«Дәрілік заттар мен медициналық
технологияларды сараптау орталығы»
МКЕҰ
Тел.: + (+374 60) 83 00 73,
(+374 10) 23 08 96, (+374 10) 23 16 82
Дәрілер қауіпсіздігі мониторинг бөлімінің
жедел желісі: +374 (10) 20 05 05,
+374 (96) 22 05 05
Эл. пошта: info@ampra.am,
vigilance@pharm.am
<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский тұйық
көш., үй 2а
«Денсаулық сақтаудағы сараптама және
сынақ орталығы» УП
Тел.: +375 (17) 231 85 14
Факс.: +375 (17) 252 53 58
Фармакологиялық қадағалау бөлімінің
телефоны: + 375 (17) 242 00 29
Эл. пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by
<http://www.rceth.by>

4.9. Артық дозалануы

Сульфонилмочевина туындыларымен артық дозаланғанда гипогликемия дамуы мүмкін.

Симптомдары

Есінің бұзылуынсыз немесе неврологиялық симптомдарсыз гипогликемияның орташа симптомдары туындаған кезде тағаммен бірге көмірсулар қабылдауды арттыру, препараттың дозасын азайту және/немесе диетаны өзгерту керек. Пациенттің жағдайын мұқият медициналық бақылау ештеңе оның денсаулығына қауіп төндірмейтініне сенімді болғанға дейін жалғасуы керек.

Комамен, құрысумен немесе басқа неврологиялық бұзылулармен қатар жүретін ауыр гипогликемиялық жағдайлардың дамуы мүмкін. Мұндай симптомдар пайда болған кезде дереу ауруханаға жатқыза отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету қажет.

Емі

Гипогликемиялық кома жағдайында немесе оған күдік болған кезде пациентке вена ішіне сорғалатып 50 мл 20-30% глюкоза ерітіндісі енгізіледі. Содан кейін вена ішіне, тамшылатып, қандағы глюкоза концентрациясын 1 г/л жоғары ұстап тұру үшін 10 % глюкоза ерітіндісін енгізеді. Қан глюкозасының концентрациясын мұқият бақылау және пациентті бақылап отыру қажет. Пациенттің жағдайына байланысты емдеуші дәрігер одан әрі бақылау қажеттілігі туралы мәселені шешеді.

Гликлазидтің плазма ақуыздарымен айқын байланысуын ескере отырып, диализ тиімсіз.

5. Фармакологиялық қасиеттері

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: қант диабетін емдеуге арналған препараттар. Инсулиндерден басқа гипогликемиялық препараттар. Сульфонилмочевина туындылары.

АТХ коды: A10BB09

Әсер ету механизмі

Гликлазид - сульфонилмочевина туындысы, ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық препарат, ол эндоциклді байланысы бар құрамында N-гетероциклді сақинаның болуымен ұқсас препараттардан ерекшеленеді.

Гликлазид қандағы глюкоза концентрациясын төмендетеді, Лангерганс аралшықтарының инсулин

β-жасушалары секрециясын көтермелейді. 2 жылдық емдегеннен кейін постпрандиальді инсулин мен С-пептид концентрациясының жоғарылауы сақталады.

Көмірсу алмасуына әсер етумен қатар, гликлазид гемоваскулярлық әсер береді.

Фармакодинамикалық әсерлері

Инсулин секрециясына әсері

2 типті қант диабеті кезінде гликлазид инсулин секрециясының ерте шыңын глюкозаның түсуіне жауап ретінде қалпына келтіреді және инсулин секрециясының екінші фазасын күшейтеді. Инсулин секрециясының едәуір жоғарылауы тамақтануға немесе глюкозаны енгізуге негізделген көтермелеуге жауап ретінде байқалады.

Гемоваскулярлық әсерлері

Гликлазид 2 типті қант диабетінде асқынулардың дамуына себеп болатын механизмдерге әсер ете отырып, ұсақ тамырлы тромбоз қаупін азайтады: тромбоциттердің агрегациясы мен адгезиясын ішінара тежеу және тромбоциттердің (бета-тромбоглобулин, тромбоксан B₂) активация факторлары концентрациясының төмендеуі, сондай-ақ тамыр эндотелийінің фибринолитикалық белсенділігін қалпына келтіру және плазминоген тіндік активаторының белсенділігін арттыру.

Диабетон MR дәрілік препаратын қолдануға негізделген қарқынды гликемиялық бақылау (гликирленген гемоглобин концентрациясы HbA_{1c}) < 6,5%) стандартты гликемиялық бақылаумен (ADVANCE зерттеуі) салыстырғанда, 2 типті қант диабетінің микро - және макро-тамырлық асқынуларын сенімді түрде төмендетеді.

Қарқынды гликемиялық бақылау стратегиясы Диабетон MR дәрілік препаратын қолдануды және оған басқа гипогликемиялық дәрілік затты (мысалы, метформин, альфа-глюкозидаза тежегіші, тиазолидиндион туындысы немесе инсулин) қосар алдында стандартты ем аясында (немесе орнына) оның дозасын арттыруды көздейді. Қарқынды бақылау тобындағы пациенттерде Диабетон MR дәрілік препаратының орташа тәуліктік дозасы 103 мг, ең жоғары тәуліктік доза 120 мг құрады.

Диабетон MR дәрілік препаратын қарқынды гликемиялық бақылау тобында қолдану аясында (бақылаудың орташа ұзақтығы 4,8 жыл, HbA_{1c} орташа концентрациясы 6,5 %) стандартты бақылау тобымен салыстырғанда (HbA_{1c} орташа концентрациясы 7,3 %) макро - және микро-тамырлық асқынулардың аралас жиілігінің салыстырмалы қаупінің 10%-ға елеулі төмендеуі көрсетілген.

Артықшылыққа салыстырмалы қаупін едәуір : негізгі микро-тамырлық асқынулар 14%-ға, нефропатияның пайда болуы мен өршуі 21%-ға, микроальбуминурияның пайда болуы 9%-ға, макроальбуминурияның 30%-ға және бүйрек асқынуларының дамуы 11%-ға төмендету арқылы қол жеткізілді.

Диабетон MR дәрілік препаратын қабылдау аясында қарқынды гликемиялық бақылаудың артықшылықтары гипотензиялық емаясында қол жеткізілген артықшылықтарға байланысты болмаған.

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Сіңірілуі

Ішке қабылдағаннан кейін гликлазид толығымен сіңеді. Қан плазмасындағы гликлазидтің концентрациясы алғашқы 6 сағат ішінде біртіндеп артады, плато деңгейі 6-дан 12 сағатқа дейін сақталады. Ішкі жеке ауытқуы төмен.

Тамақтану гликлазидтің сіңу жылдамдығына немесе дәрежесіне әсер етпейді.

Таралуы

Гликлазидтің шамамен 95%-ы плазма ақуыздарымен байланысады. Таралу көлемі - 30 л жуық. Диабетон MR дәрілік препаратын тәулігіне бір рет 60 мг дозада қабылдау қан плазмасындағы гликлазидтің 24 сағаттан астам тиімді концентрациясын ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

Биотрансформациясы

Гликлазид негізінен бауырда метаболизденеді. Плазмада белсенді метаболиттер жоқ.

Элиминациясы

Гликлазид негізінен бүйрекпен шығарылады, шығарылуы метаболиттер түрінде жүзеге асырылады, 1%-дан азы өзгермеген түрде бүйрекпен шығарылады. Гликлазидтің жартылай шығарылу кезеңі орта есеппен 12-ден 20 сағатқа дейін болады.

Фармакокинетикалық-фармакодинамикалық тәуелділік

Қабылданған доза (120 мг дейін) мен «концентрация – уақыт» фармакокинетикалық қисық асты ауданы арасындағы өзара байланыс дозаға тәуелді болып табылады.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерде фармакокинетикалық параметрлерде елеулі өзгерістер байқалмайды.

5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Бірнеше рет енгізген кезде уыттылық пен геноуыттылықтың дәстүрлі зерттеулеріне негізделген клиникаға дейінгі деректер адам үшін ерекше қауіптерді анықтаған жоқ. Канцерогенділікке ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізілген жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулерде тератогендік әсерлер анықталған жоқ, бірақ адам үшін ұсынылатын ең жоғары дозадан 25 есе асатын дозаларды енгізген кезде ұрықтың дене салмағы төмендігі байқалды. Жануарларға жүргізілген зерттеулерде гликлазидтің фертильділік пен репродуктивті потенциалға теріс әсері анықталған жоқ.

6. Фармацевтикалық қасиеттері

6.1. Қосымша заттардың тізбесі

Лактоза моногидраты

Мальтодекстрин

Гипромеллоза 100 ср

Магний стеараты

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы.

6.2. Үйлесімсіздік

Қатысты емес.

6.3. Жарамдылық мерзімі

3 жыл.

6.4.Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

30 ° С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

6.5. Бастапқы қаптаманың сипаты мен мазмұны

Лаборатории Сервье Индастри, Франция өндірісі кезінде:

15 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған (блистерде). 2 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

30 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған (блистерде). 1 немесе 2 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

Лаборатории Сервье Индастри , Франция өндірісі және «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей орауы (қаптауы) кезінде:

30 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған(блистерде). 1 немесе 2 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

14 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған (блистерде). 2 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

15 таблеткадан ПВХ/Ал жасалған блистерде. 2 немесе 4 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ өндірісі кезінде, Ресей:

14 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған (блистерде). 2 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада.

15 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада ПВХ/Ал жасалған (блистерде). 2 немесе 4 пішінді ұяшықты қаптамада (блистерден) медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақпен) алғашқы ашылуы бақыланатын (қажет болғанда) картон қорапшада. Қаптамалардың барлық өлшемдері сату үшін қолжетімді болмауы мүмкін.

6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданғаннан немесе онымен жұмыс істегеннен кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтық шаралары

Арнайы талаптар жоқ. Қалған барлық дәрілік препарат пен қалдықтарды ұлттық заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес жою керек.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Лаборатории Сервье, Франция / Les Laboratoires Servier, France

92284 Франция, Сюрен Седекс Карно көш. 50 /50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

7.1.ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың шағымдары мына мекенжайға жолданады:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

050020, Қазақстан, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

«Les Laboratoires Servier» УАҚ (Француз Республикасы) Беларусь Республикасындағы өкілдігі

220030, Минск қ. Мясников көш., 70, 303

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

0002, Ереван қ., Амирян көш., 15, дүкен 100, Кентрон

Тел.: +374 (10) 50 50 74

кеңсе
Тел.: +375 (17) 306 54 55/56
Эл. пошта: officeBY@servier.com

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ЛП-№(000531)-(РГ-RU)

ЛП-№000531-ГП-KZ

ЛП-№(000531)-(ГП-KG)

ЛП-№000531-ГП-BY

ЛП-№(000531)-(ГП-AM)

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮНІ

Бірінші тіркеу күні:

11. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Диабетон MR дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісінде қолжетімді <http://ees.eaeunion.org/>.

Дата утверждения 26.03.2026

ЛП-№000545-ГП-KZ от 21.02.2022